

"Жайлау" мемлекеттік акционерлік компаниясы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 17 қыркүйек 1993 ж. N 900. Күші жойылған - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.04.16. N 447 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылық басқару органдарының жүйесін жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1291 Жарлығын орындау үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жер қойнауын геологиялық зерделеу, пайдалану және қорғау мәселелерінде мемлекеттік және шаруашылық басқару функцияларын ажырату мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу үшін жабдықтар мен құралдар шығаратын зауыттарының негізінде құрамында қосымшаға сәйкес кәсіпорындар бар "Жайлау" мемлекеттік акционерлік компаниясын (бұдан әрі - Компания) құру туралы ұсынысы құпталсын.

2. Компания басқармасының орналасатын жері Алматы қаласы болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Компанияға заңда белгіленген тәртіп бойынша өз құрамына кіретін кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік мүлкін иелену, пайдалану мен басқару құқығын табыстасын.

Мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың акционерленуіне қарай, Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған Ұлттық бағдарламасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті өткеретін акциялар пакеттерінен басқа, акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттері Компанияның иеленуіне, пайдалануына және басқаруына берілсін.

4. Компания қызметінің негізгі мақсаты бәсекелік негізде, мемлекеттік бюджет қаржысы есебінен, сондай-ақ бюджеттен тыс қаражаттың да есебінен геологиялық барлау құралдары мен жабдықтарын өндіру деп белгіленген және оған:

өз құрамына кіретін ұйымдардың қызметін олардың қызметіне неғұрлым

тиімді жағдай туғызу үшін үйлестіріп отыру;

Компанияның жарғылық қызметін жүзеге асыру үшін заңды ұйымдар мен жеке адамдардың ақша қаражатын жұмылдыру әрі шоғырландыру және соның негізінде тұрақты пайда алуды қамтамасыз ету;

капитал нарығы жағдайын зерделеу мен талдау, Компанияға қатысушыларға түрлі қызмет көрсету;

құнды қағаздар шығару және оларды Қазақстан мен шетел инвесторлары арасында тарату жөнінде эмиссиялық қызмет көрсету;

Компанияға қатысушыларға ұйымдастырушылық, құқықтық, қаржылық және консультациялық қызмет көрсету;

бәсекеге қабілетті өнімдер шығару жөнінде озық технологиялар, бірлескен өндірістер құру мақсатында кәсіпорындар қызметіне өз қаржыларымен қатысу;

Компанияның барлық қатысушыларының қызметінде мемлекет мүддесінің сақталуына бақылау жасау;

Компанияға кірген кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларын тағайындау және бекіту;

еншілес қоғамдар мен кәсіпорындардың Байқаушы кеңестерін қалыптастыру, оларға өздерінің өкілдерін тағайындау;

Компанияда жұмылдыру дайындығы мен азаматтық қорғаныс жөніндегі функциялар мен міндеттерге заңды мұрагерлікті қамтамасыз ету жүктелсін.

5. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі:

Компания қызметін қамтамасыз ету жөнінде ұйымдастыру шараларын қолдансын;

Компанияға кіретін кәсіпорындар мен мемлекеттік басқару функцияларын атқаратын ұйымдар арасында негізгі жабдықтар бөлісін жүргізісін;

бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне келісу үшін Байқаушы кеңестің дербес құрамы мен Компания президентінің қызметіне кандидатура жөнінде ұсыныс енгізісін.

6. "Жайлау" мемлекеттік акционерлік Компаниясының Байқаушы

кеңесі бір ай мерзімде Компания басқармасының құрылымы мен санын анықтасын.

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті және оның аумақтық комитеті Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігімен және Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігімен бірлесіп, "Жайлау" мемлекеттік акционерлік Компаниясына қолдағы

ресурстардың есебінен қажетті қызмет үй-жайын, техникалық жабдықтар телефон және телекс байланысы арналарын бөліп берсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 17 қыркүйектегі

№ 900 қаулысына

Қосымша

"Жайлау" мемлекеттік акционерлік компаниясына

кіретін ұйымдар мен кәсіпорындар

Тізбесі

Ақтөбенің "Геотехника" зауыты, Ақтөбе қаласы

Жосалы механикалық зауыты, Қызылорда облысының Жосалы поселкесі

Қарағанды геолжөңзауыты, Қарағанды қаласы